

Подводя итог, отметим, что формирование антикоррупционной культуры – многогранный процесс. И роль в этом процессе есть у всех. У нынешней молодежи она заключается в принятии и применении антикоррупционных установок. Борьба с коррупцией это не ужесточенное законодательство или особенная профилактика правонарушений. Борьба с коррупцией – это работа над самим собой, готовность меняться.

Формирование антикоррупционной культуры среди молодежи начинается с детского сада и не прекращается в течение взросления гражданина. В этом вопросе важна подача материала для молодой аудитории, его доступность.

Молодежь осведомлена в вопросе борьбы с коррупцией и готова делиться своими взглядами. Организовываются специальные встречи и конкурсы, на которых участники могут обменяться мнениями и приблизиться еще на шаг к решению всеобщей национальной проблемы.

Все еще находясь в переходном состоянии, общество молодых казахстанцев неоднозначно реагирует на феномен коррупции. Но подавляющее большинство согласно с мыслью, что данное антисоциальное явление – крупнейшая угроза для развивающегося государства.

Литература:

1. Стратегия «Казахстан-2050» http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
2. Антикоррупционная стратегия на 2015-2025 гг. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31645304#pos=23;-57
3. Участие в торжественной церемонии открытия Года молодежи <http://www.akorda.kz/ru/events/uchastie-v-torzhestvennoi-ceremonii-otkrytiya-goda-molodezhi>
4. <https://365info.kz/2017/12/formirovanie-u-molodezhi-neterpimosti-k-korrupsii-zadacha-grazhdanskogo-obshhestva/>
5. Сайт ОКШДС№77 <https://kargoo.gov.kz/content/view/72/321317253>
6. Бурко Р. А., Терёшина Т. В. Социальные сети в современном обществе // Молодой ученый. — 2014. — №7. — С. 607-608
7. «Казахстанская молодежь будет бороться с коррупцией с помощью IT» <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/kazahstanskaya-molodezh-budet-borotsya-s-korrupsiei-s-pomoshchu-it>
8. Поколение Z https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5_Z
9. <http://akt.kyzmet.gov.kz/ru/news/rol-molodezhnyh-organizaciy-v-formirovanii-antikorrupcionnoy-kultury>
10. Кайыржан А.К. Калиновский Т.А Махмут М.А /Министерство образования и науки Республики Казахстан/ Карагандинский государственный университет им. академика Е.А.Букетова/ Социальный опрос на тему: «Отношение молодежи к коррупции»
11. Долгова А.И. Криминология: краткие учебные курсы юридических наук / А.И. Долгова. — 3-е изд., перераб. и доп. М.: Норма: Инфра-М, 2012.

Мусабеков Н.О., Болашақ академиясы, Қарағанды қаласы, МЮ-17-2 тобының магистранты

ҚОРҚЫТЫП АЛУШЫЛЫҚТЫ ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДА ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қорқытып алушылық қылмыстарының басым көпшілігі жәбірленушілердің арыздарынан басталады. Арыздарда олар қорқытып алушылардың кім екендігі, олардың келіссөздері туралы мағұлмат бере алады. Сондықтан қылмыскерлердің жеке бастарын анықтауға бағытталған жедел-ізвестіру әрекеттерін жүргізу жеңіл болады. Жедел-ізвестіру қызметінің мүмкіндіктері сезіктінің байланыстарын, оның белгілі бір қылмыстық топтың құрамына кіретінін, оның қару-жарақтарының болуын, қылмысқа қатысы бар барлық тұлғаларды анықтауға бағытталуы тиіс.

Қорқытып алушылық қылмыстары бойынша жедел-ізвестіру қызметін екі бағытта ұйымдастыруға болады:

1 Ақшаны немесе өзге де мүлікті тікелей алушыны, қылмыс жасау үстінде ұстап, ары қарай жедел-ізвестіру әрекеттерін жалғастыру арқылы, қылмысқа қатысы бар қалған тұлғаларды анықтау.

2 Жедел-ізвестіру әрекеттері арқылы барлық қатысушыларды анықтап, тек осыдан кейін, қорқытып алушыларды қылмыс жасау үстінде ұстау.

Бірінші бағытты қорқытып алушылардың саны көп болмаған және қылмыскерлер аз уақыттың ішінде мүлікті беруді талап еткен жағдайда, сондай-ақ жедел-ізвестіру әрекеттерін ұйымдастыруға уақыт тығыз болған кезде таңдап алуға болады [1, 55].

Екінші бағытты қорқытып алушылықты ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық жасаған жағдайда және жедел-ізвестіру әрекеттерін ұйымдастыруға уақыт жеткілікті болған кезде таңдап алуға болады.

Жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында келесі ұсыныстарды ескеру қажет:

- Қорқытып алушылық туралы ақпаратты тәуліктік қылмыстар тізіміне енгізбеу;
- Бұл қылмыс туралы ақпарат ішкі істер органының басшылығына және прокурорға тек ауызша хабарлануы тиіс;
- Жедел-ізвестіру әрекеттеріне мүмкіндігінше аз қызметкерлерді қатыстыру қажет;
- Қорқытып алушылық фактісіне қатысты құжаттарды мүмкіндігінше аз данада қолдану, көшірмелерін жасамау қажет;
- Жедел-ізвестіру шараларына қатысатын қызметкерлерге өткізілетін операция туралы тек ішінара таныстыру;
- Қорқытып алушыларды тікелей ұстайтын қызметкерлерге жалпы міндеттерді ғана жүктеп, нақты міндеттерді оқиға болған жерге шығардың алдында жүктеу қажет;
- Қамауға алынған сезіктілер мен айыпкерлердің бір-бірімен хабар алмасу мүмкіндіктеріне жол бермеу, егер іс бойынша 5-6 немесе одан да көп қатысушалар қамауға алынса, мүмкіндігінше оларды бөлек тергеу изоляторларында немесе олардың бір бөлігін уақытша ұстау изоляторларында қалдырған дұрыс болады;
- Тергеу изоляторларынан қылмыстық іске қатысты ақпарат шыққандығы анықталса, мұндай ақпаратты ұстап қалуға бағытталған барлық әрекеттерді жүзеге асыру қажет;
- Қамауда ұсталатын қорқытып алушылардың қорғаушыларына ауызша не жазбаша ақпараттарды тергеу изоляторларынан алып шығуының алдын-алуға бағытталған ескертулер жасау;
- Жәбірленушілер мен куәларға, олардың телефон арқылы жүргізілетін келіссөздері қылмыскерлер тарабынан жасырын тындалуы мүмкіндігін ескерту;
- Тергеуші қылмыстық істің және қамауда ұстау мерзімдерін ұзарту туралы прокурорға өтініш жасағанда, ақпараттың бөгде тұлғаларға мәлім болмауға бағытталған шараларды қамтамасыз етуі қажет.

Сонымен, жедел-ізвестіру ақпараттарының құпиялылығын сақтамау немесе тиісті түрде сақтамау, тек қылмыскерлердің жауаптылықтан жалтаруына мүмкіндік беріп қоймайды, сондай-ақ жәбірленушілер мен куәлардың қауіпсіздігіне де нұқсан келтірілуі мүмкін.

Ең күрделі жедел шаралардың қатарына қорқытып алушыларды қылмыс үстінде ұстау болып табылады. Бұл ретте келесі тактикалық міндеттерді шешу қажет:

- 1) Қорқытып алушыларды жәбірленушіден ақшаны немесе қылмыс заты болып табылатын өзге де мүлікті алғаннан кейін ұстау; егер бұл заттар химиялық ұнтақпен өңделген болса, қорқытып алушыларды осы заттарды қолдарымен алғаннан кейін ғана ұстау;
- 2) Қорқытып алушылардың алған заттарынан, қаруларынан арылу мүмкіндіктеріне жол бермеу;
- 3) Қылмыскерлерге қорғану құралдарын қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайда ұстау;
- 4) Ұстауды бейнекамераға түсіру [2, 47].

Ұстауды жүргізгенге дейін, егер мүмкіндік болса, қорқытып алушылардың жеке бастарын зерттеу қажет. Атап айтқанда, олардың соттылығының, арнайы дайындығының болуы, қаруының бар не жоқтығы анықталуға жатады.

Ұстау орны да жан-жақты зерттелуге жатады. Қылмыскерлердің сырттай бақылау орнату мүмкіндіктерін де сетен шығармау қажет.

Қорқытып алушыларды ұстаудың алдында жасырын бейнекамераға түсірудің маңызы зор. Себебі, оның нәтижесі кейіннен дәлелдеме ретінде пайдаланылады.

Қорқытып алушыларға берілуге жататын ақша ретінде сырттай көзбен анықтау қиын «қуыршақ» ақшаны пайдалануға болады. Қандай ақшаны қолдануға қарамастан, оны мықтап буып, полиэтилен пакетке салған дұрыс. Себебі, қорқытып алушылардың көңілі ақшаға ауған кезде (яғни, оны ашып, санау үшін белгілі бір уақыт кетеді) жедел-ізвестіру қызметкерлері өздерінің әрекеттерін үйлестіріп үлгереді.

Қорқытып алушыларға берілетін ақшаны алдын-ала арнайы химиялық ұнтақпен өндеп, оның бетіне арнайы қарындашпен шартты сөздер жазу керек. Мысалы, «қорқытып алушылық» деген сөз, ал ақшаның келесі бетіне жедел-ізвестіру органының атауын, сондай-ақ қылмыскерлерді ұстау күнін жазуға болады. Аталған әрекеттер арнайы хаттамамен рәсімделуі тиіс, сондай ақ бұл хаттамады әрбір

ақша белгісінің нышандары жазылады. Мұндай ақшаны беру қылмысқа итермелеу деп қарастырылмауы тиіс, себебі қылмыстық заңға сәйкес, қорқытып алушылық жәбірленушіге талап қойылған сәттен бастап, аяқталған қылмыс болып табылады.

Ұстауды жүзеге асырудың алдында жәбірленушіні операцияға мұқият дайындау қажет. Оған қорқытып алушылармен әңгімелесу барысында, қандай сұрақтар қою керектігін түсіндірген дұрыс. Сондай-ақ жәбірленушіні психологиялық тұрғыдан дайындау қажет. Оны диктофон және жасырын радиомикрофонмен жабдықтау арқылы, қылмыскерлердің барлық әрекеттері бақылау астында болатынын түсіндірген жөн.

Жәбірленушілер қылмыскерлермен бірге олардың автокөліктеріне отырмауы тиіс, сондай-ақ қылмыскерлер тарабынан тінтуден жалтару үшін алдын-ала сылтаулар дайындағаны да дұрыс болады.

Қорқытып алушылар кейде ақшаны ашық алаңдарда беруді немесе белгілі бір жерлерге тастап кетуді талап етеді. Сондықтан жасырын бақылау назардан тыс қалмауы тиіс.

Қорқытып алушылар ұсталғаннан кейін, оларды қалталарына қолын салу, сол сияқты алған заттары мен қаруларын лақтырып жіберуге мүмкіндік бермеу қажет. Ұсталған қылмыскерлерден құжаттарын көрсетуді талап етуге болмайды. Олар ұсталған жерде немесе құқық қорғау органына келгеннен кейін жеке тінтілуге жатады. Ұсталған тұлғалардан дереу жауап алу тиімді болып табылады. Дерек жауап алудың мақсаты қылмысқа қатысушы барлық тұлғаларды анықтау. Себебі, көп жағдайда қылмысты орындаушылар ғана ұсталады, ал ұйымдастырушылар мен айдап салушылар ұсталмай қалады. Сезіктілерден жауап алу қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарын сақатай отырып және қорғаушының қатысуымен жүргізілуі тиіс. Жауап алуды тергеуші жүргізеді [3, 21].

Қорқытып алушылық қылмыстары бойынша жедел-іздігіру қызметінің мүмкіндіктері аталған әрекеттермен шектелмейді. Тергеуші жедел-іздігіру қызметкерлеріне келесі тапсырмаларды беруі мүмкін:

- 1) Ұсталған тұлғалардың жеке бастарын, олардың өмір сүру жағдайларын сипаттайтын материалдарды жинау, белгілі бір қылмыстық топтың құрамына жататындығын анықтау;
- 2) Ұсталмай қалған қорқытып алушылықтың басқа да қатысушыларын анықтау, оларды іздігіру және ұстау;
- 3) Ұсталғандарды бұрын ашылмай қалған ұқсас қылмыстарға қатыстылығын анықтау;
- 4) Кепілге алынған тұлғалар болса, оларды ұстау орындарын анықтап, кепілден босату;
- 5) Жәбірленушілер мен куәларға қатысты қорқыту әрекеттерін жүргізген тұлғаларды анықтау;
- 6) Ұсталған тұлғалардың бостандықта жүрген сыбайластарымен хабар алмасуына жол бермеу;
- 7) Куәлар мен жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жедел-іздігіру шараларын жүргізу туралы тапсырмалармен қоса, жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізуді тапсыруы мүмкін. Мұндай тапсырмалар жеке тапсырмалар түрінде және жазбаша нысанда болуы қажет.

Қорқытып алушылықты ұйымдасқан топтардың мүшелері жасаған және ірі сомада ақша талап етумен ұштасқан болса, жедел-тергеу тобын құру тиімді болады.

Жедел-тергеу тобының қорқытып алушылық қылмысын ашу мен тергеуі құпиялылықты қамтамасыз ету мен тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге септігін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Справочник следователя / Под ред. Селиванова Н.А. и А.И. Дворкина. -М. 1999 г.
- 2 Гинзбург А.Я. Криминалистические методы и средства отождествление личности. - Алматы, 1998.
- 3 Шынарбеков Б.К. Жас тергеушілер мен анықтаушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар: Оқу тәжірибелік құралы. - Қостанай, 2002.

Нығыметолла А.К., академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет, экономика факультеті, гр МЛГ – 51, магистрант
(*Ғылыми жетекші - э.ғ.д., профессор Шакина Ж.М.*)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКСПОРТ АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Еуразия құрлығының орталығында мемлекет. Ол Моңғолиямен, Орталық Азия мен Ресеймен шектеседі. Ел - Орталық Азиядағы экономикалық көшбасшы. ТМД ішінде бұл Ресейден кейінгі екінші экономика. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі. Елде